- 1) Cashback – осы Қағидаларға №1 Қосымшаға сәйкес ниеттестік бағдарламасын ұсыну талаптары бойынша Транзакциялар мен Операциялар жүргізгені үшін және/немесе Банкпен жүргізілуі мүмкін Арнайы ұсыныстар және/немесе Серіктес тарапынан жүргізілуі мүмкін Акциялар бойынша Клиент Банктің Арнайы ұсынысының және/немесе Серіктестің Акцияларының талаптарын орындағаны үшін алуы мүмкін, Банктің қаражаты есебінен Клиенттің Бонустық шотына Банк есептейтін кіріс. Банк Клиенттердің белгілі бір санаттары үшін Cashback-ті ұлттық валюта – теңгемен есептеу белгілеген жағдайларды қоспағанда, есепке қосу ұлттық валюта – теңгемен жүргізіледі және Клиентпен келісім бойынша Freedom /ETN Инвестициялық валютасына айырбасталады, аталған Cashback осы Қағидаларда көзделген талаптарды және тәртіппен жұмсалуды мүмкін;
- 2) Cashback «FREEDOM LOYALTY» – осы Қағидаларға №2 Қосымшаға сәйкес Банктің қосымша қызметтерін пайдаланғаны/жеке кәсіпкер ретінде Транзакциялар/Операциялар жасағаны үшін Клиенттің Бонустық шотына есептелетін қосымша табыс;
- 3) Өңделудегі Cashback — жүйемен тіркелген, расталуды (Банкке транзакцияны өңдеу және Клиенттің Cashback алу құқығын тексеру (верификациялау) үшін қажетті уақыт) әрі адалдық бағдарламасының шарттарына түпкілікті сәйкестікті күтіп тұрған Cashback;
- 4) MCC коды (MCC, Merchant Category Code) – Серіктес/ССК сататын тауарларды/көрсететін қызметтерді жіктеу үшін қолданылатын Тауарды сатушы санатының коды. Жіктеудің негізгі функциясынан басқа, Банк MCC кодтарды ниеттестік бағдарламасы шеңберінде Cashback есептелетін санаттар тізімін, сондай-ақ Cashback есептеу бағдарламасынан шығарылған санаттарды анықтау үшін пайдаланады;
- 5) Акция – Клиенттерге Cashback ұсыну есебінен Банктің және/немесе Серіктестің өнімдеріне/брендiне жаңа Клиенттерді тарту және/немесе қазіргі Клиенттердің ниеттестігін арттыру мақсатында Серіктес жүргізетін іс-шаралар. Серіктес тарапынан Клиенттерді тартуға арналған кез келген акцияларды өткізу бойынша салық міндеттемелері туындаған жағдайда, оларға Серіктес тарапынан салық салынуға тиіс;
- 6) Бонустық шот – Клиент ниеттестік бағдарламасына қосылған кезде Банк автоматты түрде ашатын Клиенттің баланстан тыс шоты. Бұл арқылы Клиентке жасалған Транзакциялар мен Операциялар үшін есептелген Cashback қозғалысы, соның ішінде Банктің Арнайы ұсыныстарының және/немесе Серіктестің Акцияларының талаптарын орындаған кезде есептелген Cashback көрсетіледі және есепке алынады, сондай-ақ іске қосылған кезде Cashback шығындары есепке алынады. Клиенттің бастамасы бойынша Бонустық шоттан Cashback есептен шығарылады және Тауарларды төлеуді немесе ETN сатып алуды қоса алғанда, одан әрі пайдалану үшін Клиенттің ағымдағы шотына баламалы сома есептеледі. Есептеу және есептен шығару сияқты Бонустық шот бойынша Операциялар Клиенттің

Мобильді қолданбасында көрсетіледі. Іске қосылғанға дейін Бонустық шоттағы қалдық ақша болып табылмайды;

- 7) Freedom/ETN Инвестициялық валютасы – «Freedom Инвестициялық валютасы» банктік өнімі, Клиентке тиесілі бағалы қағаздар түріндегі базалық активтің ақшалай баламасы түріндегі өлшем бірлігі. Бағалы қағаз Freedom Holding Corp. акциясымен тикер FRHC қамтамасыз етілген ETN (Exchange Traded Notes, эмитент – FRHC Fractional SPC Ltd., сауда символы – FRHC.ETN, ISIN – KZX000002001) болып табылады. Freedom валютасы Клиентке төлем картасын немесе Банктің Мобильді қолданбасын пайдалана отырып, дербес брокерлік шотта бар ETN лимиті шеңберінде ETN сату/сыйға тарту есебінен төлемдер/аударымдар жасауға мүмкіндік береді. АҚШ долларымен ұсынылған;
- 8) Клиент – Банкте ашылған Ағымдағы шотқа ие, Банк шығарған Төлем картасының ұстаушысы болып табылатын және Банктің Мобильді қолданбасын белсенді пайдаланатын жеке тұлға – Қазақстан Республикасының резиденті;
- 9) Валюта айырбастау – Банктің ішкі құжаттарына сәйкес жүргізілген операция түріне қарай, Банк белгілеген бағам бойынша бір шетел валютасын екінші валютаға немесе ұлттық валюта – теңгеге айырбастау операциясы;
- 10) Банктің бағамы – Банк белгілеген валюта айырбастаудың/ETN сатып алу мен сатудың және айырбастау операцияларын, төлемдер бойынша есеп айырысуларды және валюталарды қайта есептеуді талап ететін өзге операцияларды жүргізу үшін пайдаланылатын ресми бағамы;
- 11) Мобильді қолданба – Клиентке электрондық банктік қызметтерді алуға, соның ішінде Клиенттің мобильді құрылғысында орнатылған және жұмыс істейтін Төлем картасының Ағымдағы шоты бойынша Транзакциялар мен Операциялар жүргізуге мүмкіндік беретін Банктің «Freedom SuperApp» бағдарламалық жасақтамасы;
- 12) Серіктес – Банкпен ниеттестік бағдарламасына қатысу шартын жасасқан, Freedom Holding Corp. құрамына кіретін кез келген заңды тұлға, компаниялар;
- 13) Төлем картасы – Банк Клиентке шығарған, оған электрондық терминалдар немесе басқа байланыс арналары арқылы төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруға немесе қолма-қол ақша алуға немесе Банк айқындаған және оның талаптарына сәйкес валюта айырбастауды және басқа операцияларды жүргізуге мүмкіндік беретін ақпаратты қамтитын электрондық төлем құралы;
- 14) Cashback ұсыну – Банктің осы Қағидаларда және Банктің өзге ішкі құжаттарында (Банктің CashBack үшін), сондай-ақ Банктің www.bankffin.kz ресми интернет-ресурсында және/немесе Серіктестің сайтында орналастырылған Банктің Арнайы ұсынысын және/немесе Серіктестің Акцияларының өткізу тәртібі мен талаптарын регламенттейтін құжаттарда көзделген мөлшерде, тәртіппен және талаптарда Клиенттің Банктен немесе Серіктестен CashBack алу құқығын беруі;
- 15) Регрессиялық Cashback – іске қосылған қызметтер топтамасы шеңберінде есептік кезең ішінде шығыстардың белгіленген айлық лимитіне жеткен кезде есептеледі және осы есептік кезең аяқталғанға дейін ғана қолданылады;
- 16) Ритейл – Тауарларды жеке, коммерциялық емес мақсаттарға пайдалану үшін түпкілікті тұтынушыларға тікелей сату процесі;
- 17) Банктің арнайы ұсынысы – Клиенттерге Cashback ұсыну есебінен Банктің және/немесе Серіктестің өнімдеріне/брендiне қазіргі Клиенттердің ниеттестігін арттыру мақсатында Банк және/немесе Серіктес өткізетін іс-шара;
- 18) Ағымдағы шот – сатып алулар мен аударымдар кезінде, сондай-ақ ұсынылған Cashback-ті кейіннен Төлем картасы немесе Мобильді қолданба арқылы Транзакциялар мен Операциялар жасау кезінде пайдалану үшін Бонустық шоттан толықтыруды, есептен шығаруды қоса алғанда, банктік қызмет көрсету жөніндегі шарт шеңберінде жүзеге асырылатын Клиенттің Банктегі ақшасының қозғалысын көрсету және есепке алу тәсілі;
- 19) Техникалық овердрафт — шығыс операциясы сомасының артуы, атап айтқанда - бұл Клиенттің Төлем карточкасы шотындағы өзіндік ақша қалдығынан, сондай-ақ кредит

лимиті сомасынан артық жұмсалған ақша сомасы. Банк жүйесінде бұл операциялық күн ішінде Төлем карточкасы шоты бойынша теріс баланс ретінде де, жеке шотта шағылыстырылған қалыптасқан берешек ретінде де көрініс табуы мүмкін. Овердрафт конвертациялау бар операциялар кезіндегі бағамдық айырма, Карточкалық операция бойынша авторизация сомасы мен қаржылық растау сомасы арасындағы айырма, Банктің карточкалық жүйесінде алдын ала онлайн-авторизациясыз жүргізілген операциялар, эквайер банктер ХТЖ (МПС) ережелерімен белгіленген ұсыну мерзімдерінен кешіктіріп ұсынған операциялар, Төлем карточкасы шотынан сомалардың қате/екі рет есептен шығарылуы, ҚАБ (ДБО) жүйесіндегі техникалық іркіліс нәтижесінде жүргізілген операциялар кезінде және т.б. жағдайларда туындауы мүмкін

- 20) Тауарлар – Төлем картасын пайдалана отырып, Серіктес/ССК сататын тауарлар/қызметтер/жұмыстар;
- 21) Сауда-сервис кәсіпорны (бұдан әрі – ССК) – Банк осы Қағидаларға сәйкес Транзакциялар / Операциялар үшін Клиенттерге Cashback ұсынатын Төлем картасын пайдалана отырып Тауарларды сататын кез келген сауда/сервис кәсіпорны;
- 22) Транзакция/Операция – Клиент Тауарларды сатып алу үшін және/немесе Банкте ашылған өзінің Ағымдағы шотынан ұлттық валюта теңгемен жасаған қолма-қол ақшасыз аударым /төлем, жеке кәсіпкер ретіндегі кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін Банкте және (немесе) екінші деңгейдегі басқа банкте ашылған басқа Клиенттің ағымдағы шотына, Тауарларға ақы төлеуді жүзеге асыру үшін Клиент Төлем картасын немесе оның деректемелерін пайдалана отырып жүргізген операциялары;
- 23) Карта бойынша токен бойынша Транзакция – Төлем картасының нөмірі бірегей цифрлық сәйкестендіргішпен ауыстырылатын токенизация сервистерінің бірі арқылы төлем әдісін пайдалану;
- 24) Транзакциялық лимит – тәуекелдерді азайту, қаражаттың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және реттеуші талаптарды сақтау үшін қажет бір жеке Транзакция мен Операция шеңберінде жұмсау немесе аудару үшін Клиентке қолжетімді Банк белгілейтін ең жоғары сома.

3-тарау. Ерекше талаптар

- 3.1. Cashback Клиенттің Бонустық шотына ұлттық валюта теңгемен есептеледі, ол кейіннен ETN сатып алу бойынша мәміле жасалған кезде белгіленген Банктің бағамы бойынша ETN-ге айырбасталады.
- 3.2. Есептелетін Cashback мөлшері Транзакция/Операция көлеміне немесе белгіленген сомаға қатысты пайызбен көрсетіледі, содан кейін ол есептеу кезінде қолданыста болған Банктің ағымдағы Бағамы бойынша ETN баламасына айырбасталады.
- 3.3. Төлем карталарын немесе Мобильді қолданбаны пайдалана отырып жасалған Транзакциялар мен Операциялар үшін Банк есептеген Cashback мөлшері Клиентке берілген ниеттестіктің төрт деңгейінің біріне байланысты айқындалады, атап айтқанда: «Standard», «Silver», «Gold», «Platinum».
- 3.4. Ниеттестік деңгейін тағайындау мерзімі бір күнтізбелік айды құрайды. Ниеттестік деңгейін жаңарту алдыңғы есептік кезеңнің әрбір операциялық күнінің соңында тіркелген ақшаның орташа айлық қалдығын есептеу негізінде немесе осы Қағидаларға №1 Қосымшаға сәйкес Fast Track бойынша көзделген мерзімдерде және талаптарда шарттарда ай сайын айдың 1-ші күні жүргізіледі.
- 3.5. Банк Cashback сомасын есептеуді Төлем картасы бойынша нақты жасалған Транзакциялар және Операциялар туралы деректер негізінде/Клиенттің жеке кәсіпкер ретінде қызметін жүзеге асыру мақсатында ашқан Ағымдағы шот бойынша және Мобильді қолданбада Транзакциялар мен Операцияларды орындау фактісі бойынша кейіннен Клиенттің Бонустық шотына аудару арқылы жүргізеді.
- 3.6. Клиенттің бастамасымен Freedom Holding Corp-пен үлестес заңды тұлғалардың пайдасына жасалған Транзакцияларға қатысты Cashback есептеу осы Қағидаларға №1

Қосымшада көрсетілген Merchant Category Code (MCC) кодтары бойынша ерекшеліктерге қарамастан жүзеге асырылуы мүмкін.

- 3.7. Cashback «FREEDOM LOYALTY» Клиентке оның транзакциялық белсенділігі және осы Қағидаларға №1 Қосымшаға сәйкес Cashback беру талаптарына сәйкес келген жағдайда ғана төленеді.
- 3.8. Freedom валютасының баламасындағы Cashback келесі Клиенттерге есептелмейді:
- 1) «Student Card» өнімі бойынша Төлем карталарын қоспағанда, 18 жасқа толмаған адамдарға;
 - 2) мемлекеттік органда мемлекеттік лауазымды атқаратын және мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында лауазымдық өкілеттіктерін жүзеге асыратын адамдарға;
 - 3) Freedom (ETN) валютасын іске қоспаған адамдарға.
- 3.9. Осы Қағидаларда Cashback есептелген Тауар қайтарылған жағдайда, Клиентке осыған дейін берілген Cashback-ті есептен шығару (немесе қайтару) фактісі туралы push-хабарлама жіберілуі тиіс екендігі белгіленеді.
- 3.10. Банк валюталарды қайта есептеуді талап ететін барлық Транзакцияларды/Операцияларды жүргізу үшін қолданылатын ресми валюта айырбастау бағамын белгілейді. Егер төлем картасы бойынша Транзакция/Операция Қазақстан Республикасынан тыс жерде Клиент шотының валютасынан өзгеше валютада жасалса, Банк Транзакция/Операция сомасын оны жүргізу кезінде белгіленген бағам бойынша автоматты түрде айырбастауды жүргізеді. Банк валюта айырбастау бағамын біржақты тәртіпте өзгерту құқығын өзіне қалдырады. Өзекті бағам Банктің ресми интернет-ресурсында және/немесе Мобильді қолданбада көрсетіледі.

4-тарау. Cashback беру және есептеу

- 4.1. Cashback беру тәртібі, Cashback бойынша есепке қосу және барлық есептеулер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Банктің www.bankffin.kz ресми интернет-ресурсында орналастырылған осы Қағидалармен, «Freedom Инвестициялық валютасы» қаржы өнімі бойынша брокерлік қызметтер алу шартына Қосылу туралы өтінішпен (қосылу), Cashback алу шартымен (қосылу), сондай-ақ Банктің ішкі құжаттарымен айқындалады.
- 4.2. Cashback және Cashback «FREEDOM LOYALTY» орындалған Транзакциялар мен Операциялар және/немесе Клиенттің Банкке қатысты ниеттестігі негізінде және/немесе осы Қағидаларда регламенттелген Cashback беру талаптарына сәйкес Банк тарапынан Клиенттің Бонустық шотына есептеледі.
- 4.3. Клиенттің Банкке қатысты ниеттестік деңгейіне байланысты Клиенттің Транзакциялар мен Операциялар жасағаны үшін Банк осы Қағидаларға №1, №2 қосымшаларға сәйкес Серіктесте және/немесе ССК-де жасалған Транзакция мен Операция сомасынан айқындалатын мөлшерде, сондай-ақ Банктің Арнайы ұсынысын және/немесе Серіктестің Акцияларын өткізу тәртібі мен шарттарын регламенттейтін және Банктің www.bankffin.kz ресми интернет-ресурсында орналастырылған Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Cashback ұсынуға құқылы.
- 4.4. Банк ниеттестік бағдарламасының барлық талаптарын сақтай отырып, Транзакциялар мен Операциялар жүргізу / Акциялар өткізу кезінде Cashback-ті Бонустық шотқа аударуға және Төлем карталары мен Мобильді қолданбаны пайдалану арқылы CashBack-тің жұмсалуды қамтамасыз етуге міндеттенеді.
- 4.5. Клиенттің Бонустық шотына есептелген Cashback туралы ақпаратты Мобильді қолданбада, сондай-ақ қашықтықтан банктік қызмет көрсетудің өзге арналары арқылы (техникалық тұрғыда іске асырылған жағдайда) көруге болады.
- 4.6. Банк Cashback мөлшерін біржақты тәртіпте (Клиенттің келісімін алмай және бұл туралы оған хабарлама жібермей) өзгерте алады (ұлғайту жағына немесе кеміту жағына қарай).
- 4.7. Клиенттерге Cashback келесі жағдайларда ұсынылмайды:

- 1) Клиент келесі Транзакциялар мен Операцияларды жасаған кезде:
- Банк ішіндегі кіріс аударымы үшін Cashback арнайы ұсынысының талаптарына сәйкес (телефон немесе картаның нөмірі бойынша) банк ішіндегі кіріс аударымдарын қоспағанда, жеке тұлғаларға ақша аудару бойынша;
 - ЖК-ге төлемдер /ақша аударымдары, ТТК 7/8 санатын² қоспағанда;
 - қолма-қол ақша алу бойынша;
 - валюта айырбастау бойынша;
 - ломбардтың пайдасына;
 - лотерея билеттерін сатып алу үшін;
 - бағалы қағаздарды төлеу;
 - кредиттерді өтеу, «Freedom рейтингі» консультациялық сервисі өніміне қатысатын клиенттерді қоспағанда;
 - электрондық әмияндарды толтыру;
 - кредиттік Төлем карталарын пайдаланумен жасалған Транзакциялар мен Операциялар;
 - Банктің қалауы бойынша осы Қағидаларға №1, №2 Қосымшаларда көрсетілген өзге операциялар бойынша;
- 2) Банктің ішкі талаптарына сәйкес Cashback ұсынылмайтын Төлем карталарын пайдаланумен жасалған төлемдерге;
- 3) Төлем карточкасы шотында Техникалық овердрафттың туындауына әкеп соққан не Төлем карточкасы шотында өтелмеген Техникалық овердрафт болған кезде ол толық жойылғанға дейінгі кезеңде Транзакциялар мен Операциялар жасалған жағдайда.
- 4.8. Банк Төлем картасын Банктің меншігі болып табылмайтын немесе оның бақылауында болмайтын POS-терминалдарда немесе электрондық терминалдарда пайдаланған кезде Клиентке Cashback есептеуден бас тартуға құқылы.
- 4.9. Осы Қағидалар шеңберінде есептелген Cashback банкоматтар немесе Банктің есеп айырысу-кассалық тораптары арқылы тікелей қолма-қол ақшалай берілмейді және Клиентке тікелей ақшалай қайтарылуға жатпайды, осыған байланысты Банк Клиентке Банктің белгіленген ішкі құжаттарына сәйкес қаражатты одан әрі пайдалану үшін Төлем картасына аудару мүмкіндігін береді.
- 4.10. Банк төлем жүргізгенде Cashback есептелетін Клиент сатып алатын Тауарлар көлеміне, сондай-ақ бір Клиентке төленетін Cashback-тің максималды мөлшеріне шектеулер қою құқығын өзіне қалдырады. Бұдан басқа, Банктің Арнайы ұсынысының және/немесе Серіктес жүргізетін Акцияның тиісті қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін Cashback есептеуді тоқтатуға құқылы.
- 4.11. Банк Мобильді қолданбадағы операциялар тізбесі бойынша шектеулер қою арқылы Cashback-тің пайдалану мақсатына шектеу қоюға құқылы.
- 4.12. Ұсынылған Cashback мөлшері Клиенттің Мобильді қолданбасында Төлем картасының Ағымдағы шотында көрсетіледі.
- 4.13. Клиент Серіктес және/немесе ССК желісінде Тауарларға төлем жасағанда есептелген Cashback-ті сол Серіктестің желісінде Тауарларға төлем жасау үшін одан әрі пайдалану мақсатында жинақтауға, сондай-ақ осы Қағидалардың талаптарына сәйкес ұсынылған Cashback-ке өзге тәсілмен билік етуге құқылы.
- 4.14. Серіктестер белгілейтін Cashback талаптары мен мөлшеріне қатысты ақпарат Серіктестің ресми сайтында орналастырылады.

5-тарау. Cashback-ті пайдалану

- 5.1. Клиенттің Cashback-ті пайдалануы Банктің Төлем картасын және/немесе Мобильді қолданбасын қолдану арқылы және Банктің барлық ережелері мен талаптары, сондай-ақ Банктің Арнайы ұсынысы және/немесе Серіктестермен бірлесіп өткізілетін акциялардың талаптарын сақталған жағдайда жүзеге асырылады.
- 5.2. Банк, Клиент осы тиісті Операцияның сомасына Мобильді қолданбада және/немесе

² <https://egov.kz/cms/ru/articles/knp>

Төлем картасымен Транзакция және Операция жүргізгенде және/немесе карта бойынша токен бойынша Транзакция жүргізгенде Cashbackті өңдеуді/есепке алуды/есептеуді бастайды.

5.3. Банк Транзакциялар мен Операциялар осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келген жағдайда ғана Cashback есептеуді/есепке алуды жүргізеді.

5.4. Cashback-ті пайдалану Транзакция мен Операция кезінде Клиенттің Бонустық шотынан тікелей дебеттеу арқылы жүзеге асырылады, атап айтқанда:

- 1) Тауарларға Cashback-ті пайдаланумен төлем жасалғанда;
- 2) Төлем картасының Ағымдағы шотында сатып алынған ETN саны көрсетілген ETN сатып алынғанда.

Банк Клиенттің шоттарында қажетті ақша қалдығы болған кезде, сол сияқты Клиенттің бонустық шотында Cashback жеткілікті болған кезде Транзакция мен Операцияның орындалуын қамтамасыз етеді.

5.5. Клиент ұсынылған Cashback-ті тек кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес мақсаттарға Транзакциялар мен Операциялар жасау үшін және оны іске қосқаннан кейін ғана пайдалануға құқылы.

5.6. Банк Тауарды Серіктес желісінде, соның ішінде Мобильді қолданбаны пайдалана отырып, төлем жасау үшін Операция жасалатын сатып алу жөніндегі мәміленің тарабы болып табылмайды, осыған байланысты Клиент пен үшінші тұлғалар алдында осы мәміленің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі үшін, сондай-ақ оның кез келген тарапының мәміле талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір жауапкершілік алмайды.

5.7. Банк Клиентке Cashback берілген немесе Клиент оны пайдаланған кезде орын алуы мүмкін ETN құнының кез келген өзгерістері үшін жауапкершілік алмайды.

5.8. Бір Транзакция мен Операция бойынша және «ай үшін» уақыт кезеңінде Cashback-тің максималды сомасы осы Қағидаларға №1 және №2 қосымшада айқындалған.

5.9. Cashback-ті Банк Клиенттері ғана пайдалана алады.

6-тарау. Cashback-ті қайтару

6.1. Банк Клиенттің осы Ережелердің шарттарын теріс пайдалану ретінде сараланатын ақша алуын анықтаған немесе Клиенттің осы Ережелерді бұзу фактілерін белгілеген жағдайларда, Банктің алдын ала хабарламастан Клиенттің Бонустық және/немесе Ағымдағы шотынан есептелген Cashback-тің бүкіл сомасын есептен шығаруға құқылы екені белгіленеді.

6.2. Cashback-тің дұрыс емес немесе артық есептелгені анықталған жағдайда, Банк алдын ала ескертусіз Клиенттің Бонустық және/немесе Ағымдағы шотынан тиісті соманы есептен шығаруға құқылы.

6.3. Техникалық іркілістер анықталған, Банктің есепке алу жүйелерінде деректерге түзетулер жүргізілген жағдайларда Банк бұрын есептелген Cashback-ті қайтаруға бастамашылық жасауға құқылы.

6.4. Сонымен қатар, Банкте Клиент алаяқтық әрекеттер жасады деп пайымдауға негіз болған жағдайда, Cashback-ті қайтаруға бастамашылық жасауға құқылы.

6.5. Банк банктік шотты тікелей дебеттеу арқылы күші жойылған Транзакция бойынша іске қосылған (Тауарды қайтару, рұқсат етілмеген Операция жасау және т.б. кезінде) ұсынылған Cashback мөлшердегі ақшаны Төлем картасының Банктік шотынан есептен шығаруға құқылы, осыған Клиент Банкке өзінің келісімін береді. Осыған қоса, Клиент осындай есептен шығару (алып қою) нәтижесінде оның ағымдағы шотында минусстық (теріс) қалдық пайда болуы мүмкін екендігіне өз келісімін береді және алдағы уақытта оны өтеуге міндеттенеді.

6.6. Транзакция және Тауарды сатып алу Операциясы қайтарылған/жойылған жағдайда, ағымдағы және кейінгі есеп айырысу кезеңдеріндегі Cashback сомасы қайтару/күшін жою күні қолданыста болған Cashback ниеттестік деңгейлеріне сәйкес пайызға көбейтілген

Транзакция мен Операция сомасына азаяды.

- 6.7. Осы Ережелерде көзделген кез келген жағдайларда Клиенттің Бонустық және/немесе Ағымдағы шотында теріс қалдық туындатқан Cashback сомасын есептен шығаруды Банк Банк белгілеген тәртіпке сәйкес жүзеге асырады. Клиент осындай есептен шығарулар салдарынан туындаған теріс қалдықтың Банктің аталған ішкі құжатында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Клиент өтеуге тиіс Техникалық овердрафт болып табылатынымен танысқанын растайды.

7-тарау. Ағымдағы шоттар жабылғанда Cashback-ті есептен шығару

- 7.1. Клиент Банкте ашылған барлық ағымдағы шоттарды жабуға өтініш берген кезде Клиенттің Бонустық шотында ұсынылған немесе пайдаланылмаған Cashback-тің бар-жоғын тексереді.
- 7.2. Банк Клиентке пайдаланылмаған Cashback туралы хабарлайды және шоттарды жабу процесі басталғанға дейін оларды пайдаланудың қолжетімді тәсілдері туралы ақпарат береді.
- 7.3. Клиентке жинақталған Cashback-ті келесі әдістердің бірімен пайдалану мүмкіндігі беріледі:
- 1) Клиент Cashback-ті қолданыстағы ережелерге сәйкес және оларды Транзакция мен Операция жасау үшін қолдана алады;
 - 2) Банк Клиентке Cashback-тің ақшалай баламасын Клиенттің Банктегі басқа қолданыстағы шотына (егер ол бар болса және жабылуға жатпайтын болса) немесе белгілі бір жағдайларда басқа банктегі шотына (Банк тарифтеріне сәйкес комиссия алынуы мүмкін) немесе Банкте ашылған, ETN-ге арналған шоты бар үшінші тұлғаның шотына аударуды ұсынады.

8-тарау. Осы Қағидаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

- 8.1. Осы Қағидаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу, сондай-ақ Cashback құрылымына өзгерістер енгізу (беру, іске қосу, пайдалану, қайтару, күшін жою) Банктің бастамасы бойынша өзгертілуі немесе жойылуы мүмкін және олар Банктің www.bankffin.kz ресми интернет-ресурсында жарияланған күннен бастап күшіне енеді. Өзгерістер жарияланған күннен кейін Клиент онымен танысқандығын және Бағдарламаға қатысудың жаңартылған ережелері мен талаптарымен келісетіндігін ниеттестік бағдарламасын пайдалану фактісімен растайды.
- 8.2. Осы Қағидаларға олар күшіне енген сәттен бастап (Банктің www.bankffin.kz ресми интернет-ресурсында жарияланған күннен бастап) кез келген өзгерістер мен толықтырулар осы Қағидаларға қосылған, соның ішінде өзгерістер мен толықтырулар күшіне енген күннен бұрын осы Қағидаларға қосылған барлық адамдарға қолданылады.
- 8.4. Банк Клиенттерге Банк тарапынан өткізілетін Арнайы ұсыныстар және/немесе Серіктестердің Акциялары туралы, сондай-ақ Серіктестермен ынтымақтастықты тоқтатуды немесе Cashback талаптарын түзетуді қоса алғанда, Банк тарапынан өткізілетін Арнайы ұсыныстар және/немесе Серіктестердің Акцияларының талаптарына өзгерістер енгізілетіні туралы Банктің www.bankffin.kz ресми интернет-ресурсында және Мобильді қолданбада ақпаратты орналастыру арқылы хабарлайды.

**«Фридом Банк Қазақстан» АҚ бейілділік бағдарламасы ережелеріне
№1 қосымша**

Cashback беру шарттары

Бейілділік бағдарламасы аясында Банк Клиенттерге олардың салымдарда, карталық шоттарды және ETN бағалы қағаздарында алдыңғы есептеулік кезеңіндегі ақшалай қаражаттардың орташа айлық қалдықтарына қарай қолжетімді артықшылықтардың көлемін және Cashback мөлшерін анықтайтын 4 (төрт) Қызмет көрсету деңгейін ұсынады:

- 1) «Standard»;
- 2) «Silver»;
- 3) «Gold»;
- 4) «Platinum».

Cashback екі түрге бөлінеді, оларды есептеу Клиенттің әрекеттегі Қызмет көрсету деңгейіне тікелей байланған:

1) *Базалық Cashback* – Freedom Holding Corp. экожүйесінен тыс жерде қолма-қол ақшасыз операцияларды жасау үшін Клиентке есептелетін Cashback. Cashback мөлшері Ниеттестік бағдарламасындағы ағымдағы Қызмет көрсету деңгейіне, сондай-ақ төлеудің таңдалған әдісіне: токендерді (Apple Pay, Google Pay, Samsung Pay, Garmin Pay) пайдаланумен немесе Банктің терминалдарында QR-код арқылы төлеу әдісіне қарай анықталады.

2) *Серіктестік Cashback* – Freedom Holding Corp. экожүйесінде Мобилді қолданба арқылы жасалған тауарларды сатып алулар үшін Cashback, оның мөлшері ниеттестік бағдарламасындағы ағымдағы қызмет көрсету деңгейіне сәйкес анықталады. Серіктестік Cashback есептелген кезде Базалық Cashback қолданылмайды. Серіктестік Cashback мөлшері, тиісті лимиттер, есептеудің мерзімдері және айрықша шарттары әр Серіктес үшін төмендегі матрицаға сәйкес жеке-жеке анықталады және Клиенттің ағымдағы қызмет көрсету деңгейіне, сатып алынатын тауардың санатына және Серіктес тарапынан арнайы ұсыныстарға тәуелді болуы мүмкін.

Cashback мөлшері әр Қызмет көрсету деңгейі үшін жеке-жеке белгіленеді. Деңгейлерді анықтау тәртібі, сондай-ақ Cashback есептеу шарттары Клиенттерге алдын ала хабарлаумен, Банкпен бір жақты тәртіпте өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін (Банктің www.bankffin.kz ресми интернет-ресурсындағы жарияланым)

	Standard	Silver	Gold	Platinum
Алдыңғы есептік кезеңде келесі шотта (-тарда) Банктің операциялық күнінің соңында ақшаның орташа айлық қалдықтың (-тардың) бар болуы: - Банкте ашылған мерзімді, жинақ салымда (-дарда); - Банктегі карталық шоттарда; - ETN бағалы қағаздарының бар болуы.	100 000 теңгеге дейін немесе шетел валютасындағы баламасы (есептеу кезінде Банктің бағамы алынады)	100 001 теңгеден бастап 300 000 теңгеге дейін немесе шетел валютасындағы баламасы (есептеу кезінде Банктің бағамы алынады)	300 001 теңгеден бастап 1 000 000 теңгеге дейін немесе шетел валютасындағы баламасы (есептеу кезінде Банктің бағамы алынады)	1 000 001 теңгеден бастап немесе шетел валютасындағы баламасы (есептеу кезінде Банктің бағамы алынады)

Freedom Holding Corp. экожүйесінен тыс жерде жасалған төлемдер үшін Базалық Cashback				
Кепілдендірілген Cashback мөлшері	1%	2%	3%	4%
Егер Транзакция токен арқылы карта бойынша болған жағдайда (Apple Pay, Google Pay, Samsung Pay, Garmin Pay)	0,5%	1%	1,5%	2%
Банктің терминалдарында QR арқылы төлеу *	2%	2%	2%	2%
* Токенделген Cashback есептелмейді, сондай-ақ ниеттестік бағдарламасы бойынша басқа банктердің терминалдарында бірыңғай QR арқылы төлеу кезінде есептелмейді және 0-ге тең.				
Мобилді қолданбада Freedom Holding Corp. экожүйесінде жасалған сатып алулар үшін Серіктестік Cashback, бұл ретте Базалық Cashback есептелмейді				
Arbuz.kz, көрсетілгенге қосымша +5% есептеледі, Friends жазылымы бойынша	5%	15%	18%	20%
Freedom Ticketon	5%	7%	10%	15%
Freedom Food (Choco Қасыңда қоспағанда)**	12%	15%	17%	20%
Naimi.kz	5%	7%	10%	12%
Freedom Media	5%	7%	10%	12%
Freedom Менің денсаулығым	12%	15%	17%	20%
1) Arbuz сервистерінде Мобильді қосымша арқылы харид жасағанда Промо шарты қолданылады: Standard деңгейіндегі Клиенттер үшін Серіктестің кез келген сервисіндегі алғашқы сатып алу сәтінен бастап 90 күн ішінде Cashback Silver деңгейі бойынша есептеледі. 2) Freedom Ticketon, Naimi.kz, Freedom Media серіктестер бойынша Промо шарт қолданылады: деңгейге қарамастан, промо кезеңі ішінде Мобилді қолданбада осы топтағы Серіктестерде кез келген сатып алуға осы топтағы Серіктестердің бірінің сервистерінің кез келгенінде алғашқы сатып алу сәтінен бастап 90 күн ішінде (Мобилді қолданбада тіркелгеннен кейін) ең жоғарғы Cashback пайызы және 30 000 теңгеге тең сатып алуға лимит белгіленді. 3) Freedom Food серіктесі бойынша Промо шарт қолданылады: деңгейге қарамастан, промо кезеңі ішінде Мобилді қолданбада кез келген сатып алуға алғашқы сатып алу сәтінен бастап 60 күн ішінде (Мобилді қолданбада тіркелгеннен кейін) ең жоғарғы Cashback пайызы және 30 000 теңгеге тең сатып алуға лимит белгіленді. 4) «Freedom Менің денсаулығым» серіктесі бойынша Промо-шарт қолданылады: серіктес сервисінде алғашқы сатып алу жасалған сәттен бастап 60 күн бойы промо-кезеңде Мобильді қосымшада Серіктестен кез келген сатып алуларға деңгейге қарамастан Platinum деңгейі бойынша Cashback пайызы және 30 000 теңгеге сатып алу лимиті қолданылады.				
Freedom Travel Әуе және ТЖ бағыты	5%	7%	8%	10%
Әуе және/немесе ТЖ билетін сатып алғанда Freedom Travel сервисінде төлеген кезде 1	10 000 теңге	15 000 теңге	20 000 теңге	30 000 теңге

(бір) Транзакция үшін Cashback ең жоғарғы сомасы				
Серіктес Freedom Travel бойынша Промо шарт қолданылады: деңгейге қарамастан, промо кезеңі ішінде Freedom Travel сервистерінің кез келгенінде алғашқы сатып алу сәтінен бастап 30 күн ішінде (Мобилді қолданбада тіркелгеннен кейін) ең жоғарғы Cashback пайызы және Мобилді қолданбада ТЖ және/немесе Әуе билеттерді сатып алуға 30 000 теңгеге тең лимит қолданылады.				
Freedom Travel Турлар бағыты***	5%	7%	8%	10%
	Төленген ең жоғарғы Cashback сомасы деңгейге қарамастан айына 100 000 теңгеге дейін			
Freedom Travel ТЖ бағыты («ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметкерлері үшін)	Жалақы жобасы аясында Мобильді қолданбадағы Freedom Travel сервисі арқылы билеттерді сатып алу кезінде 20%			
Freedom Travel «Қонақ үйлер» бағыты Мобильді қолданба арқылы сатып алу***	5%	7%	8%	10%
Бір жасалған сатып алу үшін транзакциялық лимит	10 000 теңге	15 000 теңге	20 000 теңге	30 000 теңге
Freedom Mobile****	25% дейін, Cashback мөлшерін смартфон үлгісіне және ниеттестік деңгейіне қарамастан Серіктес анықтайды. Ең жоғарғы Cashback сомасы айына 300 000 теңгеге дейін			
Freedom Drive*****	Freedom Drive брендінің шинасына 15%-ға дейін Ең жоғарғы Cashback сомасы айына 50 000 теңгеге дейін			
Сақтандыру (КАСКО PRO)	15%-ға дейін (Cashback мөлшерін серіктес анықтайды)			
Сақтандыру (КӨЛІК ИЕЛЕРІНІҢ АҚЖ)	Клиенттің лоялдылық деңгейіне сәйкес Базалық Cashback қолданылады			
Freedom Life	Клиенттің лоялдылық деңгейіне сәйкес Базалық Cashback қолданылады			
** Мобилді қолданбада және Freedom Food сайтында «Choco қасыңда/рядом» және «Микромаркеттер қасыңда/рядом» бөлімдерінде төлем жасау үшін серіктестік Cashback есептелмейді.				
*** Freedom Travel сервисі («Турлар» және «Қонақ үйлер» бағыттары) бойынша Cashback-тің ең жоғарғы мөлшері айына 100 000 теңгеге дейінді құрайды. Көрсетілген лимит ортақ болып табылады, клиенттің лоялдылық деңгейіне қарамастан қолданылады және Freedom Travel сервисіндегі «Турлар» және «Қонақ үйлер» бағыттары бойынша жиынтық төлемдерді ескереді. Cashback операция жасалғаннан кейін бірден есептеледі.				
****Транзакциялық және айлық лимиттер аясында Cashback төлеу бойынша ең жоғарғы шектер қолданылмайды. Freedom Mobile-ден смартфондарды сатып алу кезінде Cashback бірден есептеледі, төлем түріне қарамастан. Шеткері құрылғыларды (құлаққаптар, сағаттар) сатып алу кезінде Cashback 14 күнтізбелік күн өткеннен кейін есептеледі.				
*****Мобилді қолданба арқылы және Freedom Drive серіктесінің сайты арқылы төлем жасалған кезде транзакциялық және айлық лимит аясында ең жоғарғы шек есептелмейді. Cashback мөлшері айына 50 000 теңгені құрайды. Егер тапсырыс кредитке немесе бөліп төлеуге ресімделген болса, Cashback төленбейді.				
Лимиттер				

Төлем карталарын/Мобилді қолданбаны пайдаланумен сатып алған кезде 1 (бір) өткізілген транзакция үшін есептелетін Cashback ең жоғарғы сомасы	5 000 теңге	7 000 теңге	20 000 теңге	30 000 теңге
Төлем карталарын/Мобилді қолданбаны пайдаланумен сатып алған кезде Банкпен Клиентке айына есептелуі мүмкін Cashback ең жоғарғы сомасы	50 000 теңге	100 000 теңге	150 000 теңге	200 000 теңге
Егер ұсынылған топтаманың аясында есепті кезең ішінде айлық лимитке қол жеткізілген жағдайда Регрессивтік Cashback ұсынылады және тек есептік кезең аяқталғанға дейін ғана әрекет етеді	0,5%	0,5%	1%	1%
Регрессивтік Cashback төлеуге есептік кезең ішіндегі лимит	200 000 теңге			
Бір мерчантан сатып алу үшін айына Cashback сомасының лимиті	50 000 теңге			
МСС кодтары (5541 - жанармай құю станциялары (ЖҚС) және 5542 - автоматты ЖҚС) бойынша сатып алулар үшін айына Cashback сомасының лимиті	7 000 теңге	10 000 теңге	12 000 теңге	15 000 теңге
	1) Cashback есептелетін операциялар саны бойынша шектеу: әрбір МСС бойынша тәулігіне 3 (үш) транзакциядан асырмай. 2) Клиент айлық лимиттің максималды сомасына жеткен кезде, тәулігіне жасалған транзакциялар санына қарамастан, тиісті МСС коды бойынша Cashback есептеу тоқтатылады.			
Мобилді қолданбада Капитал мен Стратегия жаңа жинақ депозитін ашқан кездегі Fast Track				
Депозит сомасына қойылатын талаптар	-	-	Салымның бастапқы сомасы - 1 000 000 теңге (валютадағы баламасы). Ниеттестік деңгейін арттыру үшін депозитке немесе басқа депозиттерге қосымша жарналар есепке алынбайды	Салымның бастапқы сомасы - 1 500 000 теңге (валютадағы баламасы)
Депозиттің мерзіміне қойылатын талаптар	Депозиттің ең қысқа мерзімі 6 ай			

Қосымша талаптар	Клиенттің ниеттестік бағдарламасындағы мәртебесі автоматты түрде қайта қарастырылады. Ниеттестіктің жаңа деңгейі депозит ашылған күннен кейінгі келесі күнтізбелік күннен бастап әрекет ете бастайды. Депозит жабылған/сомасы 1 000 000/1 500 000 теңгеден азайған кезде ниеттестік деңгейі автоматты түрде өзгереді.
Мобилді қолданбада бастамашылық еткен картомат арқылы пластикалық картаны шығару үшін Cashback *****	500 теңге
***** Мобилді қолданбада бастамашылық еткен картомат арқылы пластикалық картаны шығару үшін Cashback келесі талаптар орындалған кезде төленеді: 1) Мобилді қолданбада бастамашылық еткен картомат арқылы пластикалық картаны шығарған кезде; 2) Шығарылған карта бойынша 500 теңгеге тең ең аз сомаға қолма-қол ақшасыз транзакция жасалған кезде. Ай сайынғы лимит бір клиентке 2000 теңге 4 Cashback-тен артық емес.	

Cashback есептелуінің қосымша шарттары:

1. Cashback есептелетін дебеттік Төлем карталарының түрлері:

- Freedom Card
- Deposit Card
- Super Card
- Power Card
- Student Card
- Freepay (кредиттік лимитті қоспағанда)

2. Invest Card, Broker Card, Invest card Prestige төлем карталарының ұстаушылары үшін ниеттестік деңгейін анықтау:

- Клиентте Invest Card, Broker Card және Invest card Prestige төлем карталарын қоспағанда, басқа белсенді шоттар және Банктегі Төлем карталар жоқ болған жағдайда, оған 1% мөлшерінде Cashback есептелуін қарастыратын «Standard» қызмет көрсету деңгейі беріледі.
- Клиентте Invest Card, Broker Card және Invest card Prestige төлем карталарын қоспағанда, басқа белсенді шоттар және Банктегі Төлем карталар бар болған жағдайда, ниеттестік бағдарламасында оған қызмет көрсету деңгейі осы Ережелердің 3.2-тармағында берілген деңгейді анықтау жалпы шарттарына сәйкес осы шоттарда және Төлем карталарда орналастырылған ақшаның жиынтық көлемін ескере отырып анықталады

3. Топтама деңгейінде есептелмейтін дебеттік Төлем карталары бойынша ерекшелік:

- Araldy Saqta*
- Araldy Saqta Premium*

* *Araldy Saqta* өнімінің талаптарына сәйкес Клиенттің Cashback пайдалану құқығы шектелген, атап айтқанда барлық есептелген Cashback Aral Oasis қоғамдық бірлестігінің пайдасына аударылады;

** *Araldy Saqta* төлем карталары бойынша бір айдағы ең жоғары сома Клиентке басқа Төлем карталары бойынша бір айдағы ең жоғары

сомадан бөлек ескеріледі.

Клиенттің сегменті	Cashback есептеу бойынша шектеулер	
	Транзакция үшін ең жоғары сома	Бір айда берілетін ең жоғары сома
	Araldy Saqta төлем картасы	
	Araldy Saqta* Төлем карталары бойынша сатып алулар жүргізілгенде бір Клиентке	
	Cashback мөлшері 10%	
Mass/ VIP/ Priority	10 000 теңге	30 000 теңге

4. Student Card төлем картасының ұстаушыларын қоспағанда, 18 (он сегіз) жасқа толмаған Клиенттерге Cashback есептеу жүргізілмейді.

5. Келесі Транзакциялар мен Операцияларға, сондай-ақ келесі Merchant Category Code (MCC) кодтарымен сыныпталған Операцияларға Cashback есептелмейді:

- Клиенттің Төлем картасын толықтыруға қатысты кез келген Транзакциялар мен Операциялар үшін;
- Банкоматтардан және кассаларда ақшаны алу үшін;
- Қолма-қол ақшаны алуға теңестірілген Төлем картасын пайдаланумен жасалатын шығыс Транзакциялар мен Операциялар үшін;
- Клиенттің Төлем картасымен ақшаны аудару үшін (оның ішінде басқа екінші деңгейлі банктің Төлем картасының деректемелері бойынша банктік аударымдар, аударымдар және аударымдардың басқа түрлері);
- Төлем жасаудың электронды құралдарына төлемдер мен аударымдар;
- Транзакцияларды және Операцияларды қайтару/болдырмау жағдайында қайтарылуға жатады;
- ко-брендтік карталарға;
- корпоративтік карталарға;
- келесі Merchant Category Code (MCC)/сатушы санатының коды бойынша:

MCC*	Мағынасын ашу
4813,4812,4814, 4815, 4821, 4899	Телекоммуникациялық қызметтер
4816	Компьютерлік желілер
4829, 6530-6540, 6012, 6022-6028, 6529	Қаржы қызметтері
4900	Тұрғын-коммуналдық қызметтер
5046	Коммерциялық жабдықтар
5099	Ұзақ мерзімді пайдалану тауарлар
5715	Алкогольдің көтерме сатушылары
5933	Ломбардтар
5960, 6300, 6399	Тікелей маркетинг – сақтандыру қызметтері
6010, 6011	Қолма-қол ақшаны алу

6050, 6051	Квази- кэш
6211	Брокерлер қызметтері
6513	Жалға алу
7276	Салықтық дайындық қызметі
7299	Өртүрлі қызметтер
7311	Жарнамалық қызметтер
7372	Бағдарламалау
7399	Бизнес-қызметтер
7800	Лотереялар
7801, 7995	Құмар ойындар
7802, 9754	Ат/ит жарыстар
8398	Қайырымдылық
8999	Кәсіби қызметтер
9211, 9222, 9223, 9311, 9399, 9402, 9405	Бюджетке төлемдер
9223	Кепілдер және облигациялар бойынша төлемдер
4722, 4511, 3000-3301	Туристік агенттіктер және экскурсиялар ұйымдастырушысы, Өуе жолдары, әуекомпаниялары.
4112	Жолаушылар теміржол тасымалы
5511	Жеңіл және жүк көліктер – сату, сервис, жөндеу, қосалқы бөлшектер және лизинг (жаңа және ұсталған)
5521	Жеңіл және жүк көліктерді сату (тек ұсталғандар)
7832	Кинотеатрлар (интернет-төлем)
7922	Театр продюсерлері, билет агенттіктері

6. Сатып алулар санаттары Банкпен (Тауарлар тобының) МСС кодтары немесе МСС мен банк-эквайермен сауда-сервистік ұйымға берілген Merchant Name (дүкендердің бірегей желілері) тізбегі бойынша анықталады. МСС кодтары санаттарының немесе МСС мен Merchant Name тізбектерінің тізімі Банкпен өз қалауы бойынша өзгертілуі мүмкін

7. Осы Қосымшада көрсетілген Cashback беру шарттары тек Мобилді қолданбада тіркелген Банктің Клиенттері (Қазақстан Республикасының резиденттері) үшін ғана әрекет етеді, егер Банкпен олардың әрекет етуінің тоқтатылуы туралы хабарлама орналастырылмаған болса, барлық басқа Клиенттер үшін <https://bankffin.kz/ru/documents/physical> сілтемесі бойынша Банктің ресми сайтында орналастырылған шарттар әрекет етеді.

**«Фридом Банк Қазақстан» АҚ Ниеттестік бағдарламасының қағидаларына
№2 қосымша**

Cashback «FREEDOM LOYALTY» ұсыну талаптары

Cashback «FREEDOM LOYALTY» базалық мөлшері келесі талаптарға сәйкес есептеледі:

1. Банк Клиенттерге қызмет көрсетудің 4 (төрт) Деңгейін ұсынады:

- 1) «Standard»;
- 2) «Silver»;
- 3) «Gold»;
- 4) «Platinum».

2. Банк әр Деңгей үшін Cashback «FREEDOM LOYALTY» жеке мөлшерін белгіледі. Банк Деңгейлерді дербес өзгерте және (немесе) толықтыра алады. Деңгей 1 ай мерзімге беріледі. Айдың әрбір 1-ші күні деңгей Клиенттің алдыңғы күнтізбелік айда жеке кәсіпкер ретінде кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін Клиент ашқан ағымдағы шоттағы ақшаның төмендетілмейтін қалдығын қолдауына байланысты жаңартылады.

3. Cashback «FREEDOM LOYALTY» Банктің қосымша қызметтерін пайдаланғаны үшін есептеледі. Қосымша қызметтер орындалған/расталған мәртебесінде басқа Клиенттің ағымдағы шотына Тауарлар/Қызметтер үшін Клиенттің ішкі/сыртқы аударымы/төлемі (ТТК 7/8 бөлімі) болып табылады.

4. Cashback «FREEDOM LOYALTY» төлеу Банкпен жасалған брокерлік шарт шеңберінде Freedom (ETN) валютасы түрінде жүзеге асырылады.

Тиісті Деңгейдің талаптары, Cashback «FREEDOM LOYALTY» мөлшерлері Кестеде көрсетіледі:

Cashback «FREEDOM LOYALTY» талаптары/мөлшері *	Standard	Silver	Gold	Platinum
Клиенттің ағымдағы шотындағы төмендетілмейтін қалдық	0-ден 2 500 000 теңгеге дейін	2 500 001-ден 5 000 000 теңгеге дейін	5 000 001-ден 10 000 000 теңгеге дейін	10 000 001 теңгеден жоғары
1 транзакция үшін базалық cashback	100 теңге	500 теңге	750 теңге	800 теңге
Банк ішіндегі ақша аударымы үшін Cashback	+200 теңге	+500 теңге	+750 теңге	+900 теңге
Жалақы жобасының (бұдан әрі - Жалақы жобасы) болғаны үшін cashback **	+200 теңге	+500 теңге	+500 теңге	+800 теңге
1 транзакция үшін ең жоғары cashback /	500 теңге	1 500 теңге	2 000 теңге	2 500 теңге

1 транзакцияның ең төмен сомасы				
Бір айдағы ең жоғары Cashback	5 000 теңге	25 000 теңге	50 000 теңге	100 000 теңге
Ескерту:	Клиенттің деңгейі оның алдыңғы күнтізбелік айда ағымдағы шотындағы төмендетілмейтін ақша қалдығының шекті мәндерінің сәйкестігіне негізделе отырып айқындалады. Транзакцияның ең төмен сомасы 1 Транзакция үшін Cashback-тің ең жоғары сомасына тең. Жеке тұлғаға ашылған Төлем картасы / ETN-мен ашылған шоты/ниеттестік бағдарламасына қосылуы болмаған жағдайда, жеке кәсіпкердің атына ашылған ағымдағы шот бойынша жүзеге асырылған аударымдар/төлемдер үшін Cashback есептелмейді. Соңғы күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жеке тұлғаның ETN байланыстырылған Төлем картасы бойынша кемінде 1 Транзакцияның болуы міндетті. Cashback төлемі әр Транзакция үшін бөлек жүргізіледі. Бір айына ең жоғары Cashback жиналған кезде төлем келесі айдың 1-і күніне дейін жүргізілмейді. <i>* осы талаптар осы Қағидаларға №1 қосымшада көрсетілген талаптарға сәйкес келген кезде ғана күшіне енеді.</i> <i>** «Жалақы жобасы» белгісі айдың басында деңгей берілген кезде тексерілуі керек.</i>			
Мысал:	Standard деңгейіндегі Клиент: - өзінің ағымдағы шотынан басқа банктердің клиенттерінің пайдасына Тауарлар/Қызметтер үшін транзакция жасағаны үшін (ТТК 7/8 бөлімі) 100 теңге мөлшерінде cashback алады; - өзінің ағымдағы шотынан «Фридом Банк Қазақстан» АҚ клиентінің пайдасына Тауарлар/Қызметтер үшін (ТТК 7/8 бөлімі) транзакция жасағаны үшін 300 теңге (базалық 100 теңге + қосымша 200 теңге) мөлшерінде Cashback алады; - Банкің «Жалақы жобасы» өнімін пайдаланған жағдайда, өзінің ағымдағы шотынан «Фридом Банк Қазақстан» АҚ клиентінің пайдасына Тауарлар/Қызметтер үшін (ТТК 7/8 бөлім) транзакция жасағаны үшін - 500 теңге (базалық 100 теңге + қосымша 200 теңге + қосымша 200 теңге) мөлшерінде Cashback алады.			
Freedom QR арқылы POS-терминалдарда төлем қабылдайтын мерчанттарға арналған Cashback				
Freedom QR арқылы төлемдерді қабылдағаны үшін Cashback	Транзакция сомасының 0,3%-ы	Транзакция сомасының 0,5%-ы	Транзакция сомасының 1%-ы	Транзакция сомасының 2% -ы
Freedom QR арқылы төлемдерді қабылдағаны үшін берілетін Cashback лимиті (айына)	50 000 теңге	100 000 теңге	150 000 теңге	200 000 теңге

